

Әкімдіктің 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын, оның ішінде мүгедек балаларға, әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 80 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 сәуірде № 4081 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 49 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облыстық әкімдігінің 01.02.2017 № 49 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын, оның ішінде мүгедек балаларға, әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" 2007 жылғы 16 сәуірдегі № 158 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3571 тіркелген , 2007 жылғы 22 мамырда "Қостанай таңы", "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік тілдегі "Техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі және жоғары білім алатын, оның ішінде мүгедек балаларға, әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы" деген мәтін жаңа редакцияда жазылсын:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім алатын мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға әлеуметтік көмектің қосымша түрін көрсету туралы", орыс тіліндегі мәтін өзгертусіз қалады;

2-1-тармағының б) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ш. Бектұрғановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК